



№102 (9885)  
24 желтоқсан,  
сенбі  
2022 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш

## Жаршысы



### Аймақ жаңалықтары



## АВК саласына құйылған инвестиция 8,5 пайызға өскен

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысып, өзекті проблемалық мәселелерді шешу және негізгі инфрақұрылымдық, өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандарды аралау үшін жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді. Үкімет басшысы жалпы қуаты 197 мың тоннадан асатын «Orda Glass Ltd» шыны өндіру зауытының жұмысымен танысты.

Кәсіпорын биыл қазан айында «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы аясында іске қосылды. Мемлекеттік қолдау шаралары ретінде оған қажетті инженерлік инфрақұрылым, авто және темір жолдар жүргізілді. Қазіргі уақытта зауытта 370 адам жұмыс істейді. Өнім республиканың басқа өңірлеріне жіберіледі, экспортқа шығару жоспарда бар.

Премьер-Министр шыны зауытының іске қосылуы Қызылорда облысында ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша құрылыс индустриясының дамуына серпін беретінін атап өтті.

– Мұндай өндірістер құрылыс шығындарын және импортқа тәуелділікті айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Биыл өнеркәсіпте 160 жаңа жоба іске қосылды. Үкімет өз тарапынан осындай кәсіпорындарға барлық қажетті көмек көрсетуді жалғастыруға дайын, – деді Әлихан Смайылов.

Сапар аясында Премьер-Министр қуаты жылына 33 мың тоннадан асатын «Мағжан және К» ЖШС күріш өңдеу зауытында болды. Кәсіпорын заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жарақаталған және бірыңғай автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылады. Үкімет басшысы ішкі нарыққа және ішкі экспортқа жіберілетін жөндөлген техникалық және ас тұзын өндіретін «Ассоль» зауытында болды. 2021 жылы компания өнімдер мен қызметтердің сапасы бойынша ҚР Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының жеңімпазы болып танылған.

Әлихан Смайылов Қызылорда облысының республика бойынша күршістің негізгі өндірушісі екенін және тұз өндіру бойынша да жетекші орында тұрғанын атап өтті. Биыл өңірдің АӨК саласына құйылған инвестициялары 8,5 пайызға өсті, 250 жаңа жоба іске асырылып жатыр. Үкімет басшысының айтуынша, еліміз өзін азық-түлік тауарларымен толық қамтамасыз етуі керек.

Әлихан Смайылов өңірдің ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларымен кездесу өткізді. Аграрийлер саланың бірқатар мәселесін, соның ішінде суармалы сумен қамтамасыз ету және күріш өсірушілердің заманауи ауыл шаруашылығы техникасына қолжетімділігін кеңейту мәселелерін атап өтті. Ол ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мұқият тыңдап, АӨК-тің проблемалық мәселелерін шешу Үкіметтің назарында екенін атап өтті.

Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында ҚР Премьер-Министрі өңірдің негізгі инфрақұрылымдық нысандарының жұмысын тексерді. Атап айтсақ, Үкімет басшысы Қызылордада 67 МВт электр қуаты мен 341 Гкал/сағ жылу энергиясын өндіретін ЖЭО-да болды. Сондай-ақ ол оңтүстік өңірлерді үздіксіз қуат көздерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жалпы қуаттылығы 240 МВт және 277 Гкал/сағ болатын жаңа жылу электр орталығының құрылыс жобасымен танысты. Шетелдік инвестициялар есебінен іске асырылып жатқан жобаны 2025 жылы пайдалануға беру жоспарлануда.

Премьер-Министр жұмыс істеп тұрған ЖЭО өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынғандықтан, тозығы жеткенін атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін оңтүстік өңірлерде бу-газ қондырғыларын салу бойынша бірқатар жоба іске асырылады.

– Ел экономикасы дамуымен қатар өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандар да көптеп іске қосылады, сондықтан қосымша энергия көздерін жедел іске қосу қажет. Осы міндеттер аясында Қызылорда облысында жаңа ЖЭО салынады. Бұл жобаны да уақытылы аяқтау керек, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, Қызылорда облысындағы тозығы жеткен электр желілерінің мәселесін де шұғыл түрде шешу керек, өйткені олардың техникалық жай-күйі өңір тұрғындары мен өнеркәсіптік объектілерін электр қуатымен қамтамасыз ету сапасына тікелей әсер етеді.

Сондай-ақ Үкімет басшысы Сырдария өзенінің арнасында орналасқан Қызылорда су торабының жұмысымен танысты. Оның негізгі қызметі өзендегі су ағынын реттеу және Қызылорда қаласы, Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының аумағында орналасқан 110 мың га суармалы жерді, 250 мың га шабындық жер мен жайылымдарды сумен жабдықтау болып табылады. 2020 жылы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес гидротарапты көшенді қайта құру басталды, оны келесі жылы аяқтау жоспарлануда.

Премьер-Министр қазіргі уақытта Су саласын дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған көшенді жоспарын әзірлеу аяқталуға жақын қалғанын, оны іске асыру инвестициялар тартуға және бірінші кезектегі проблемалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сондай-ақ Әлихан Смайылов шекаралас елдермен жүргізілген келіссөздерден кейін биыл өңірде су тапшылығын төмендетуге мүмкіндіктер жасалғанын айтты. Сонымен қатар каналдарды тазарту және гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде егіс алқаптары толығымен суармалы сумен қамтамасыз етілді.

Алдағы вегетациялық кезеңде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар да қарастырылған. Белгіленген су лимитін алу бойынша келіссөздер жалғасады.

«ЖЖ» ақпарат

### Сессия

## Жарқын жобалар жалғасын табады



Биыл ауданда жалпы құны 2 млрд 659 млн теңгені құрайтын 30 жоба қолға алынды. Оның ішінде 1 млрд 23 млн теңгеге ауыз су желілеріне қатысты 4 жоба жүзеге асқан. Ал жол құрылысына қатысты 9 жоба қолға алынып, бұл бағытта 760,9 млн теңге қаралған. Оның ішінде 7 көше күрделі жөндеуден өтсе, кенттегі 2 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Әсіресе біздің ауылдық елді мекендердегі жол сапасына жергілікті билік тарапынан мән берілгені қуанышты отыр. Мәселен, жаңағы күрделі жөндеуден өткен 7 көше де ауылдық елді мекендерге тиесілі.

2022 жылы ауданда елді мекендер арасын жалғайтын жолдардың да сапасына басымдық берілді. Мәселен, Бұқарбай батыр ауылына кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары аяқталса, Жаңадария бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жол құрылысының қарқын алғанының арқасында аудандағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 93 пайызға жеткен.

Жалағашта жол құрылысы мұнымен шектелмейді, яғни келер жылы да ауданда жол құрылысы қарқын алады. Мәселен, 2023 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Жаңадария, Ақсу, Аққыр ауылдарының кіреберіс жолдары жөндеуден өтеді. Бұл бағыттағы жұмыстарға 1 млрд 133,5 млн теңге қаралған. Ал «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Жалағаш кенті, Бұқарбай батыр, Еңбек, М.Шәменов ауылдарынан барлығы 8 көшенің құрылысы басталады. Жобаның жалпы құны 673,5 млн теңгені құрайды.

Ие, барыс жылы да түгесілуге жақын. Биыл ауданда ауқымды жобалар қолға алынып, елді мекендердегі күрделі мәселелердің шешіміне жұмыс жасалды. Қазір оның бәрін тарқатып жасақ, өз алдына бір өңбекке жүк болары анық. Бастысы, Жалағашта қолға алынған жарқын жобалардың әрқайсысында елдің

талап-тілегі ескерілген. Мәселен, Мырзабай ахун мен Аламесектегі ағайынның ауылдық емхана ғимаратына қатысты мәселе көтеріп жүргеніне бірнеше жыл болды, «Қалған мәселемізді шаруашылық төрағасы шешіп жатыр, енді Еңбектегі жол сапасына жергілікті билік тарапынан қашан мән беріледі?» деген сауалды ұмытпаса, аққошкарлықтар бірнеше өкімге қойған. Кент іргесіндегі ақсулық ағайынның да екі ортадағы жолдың мәселесін көтеріп жүргеніне қаншама жыл болды, енді оған елді мекен халқы көгілдір отын кіргізу мәселесін қосқан. Тағайындалғанына жыл толмаса да, аудан әкімі Асқарбек Есжанов өріп-төстерін жарқын жобалар әзірлеуге жұмылдырды. Оның әрқайсысын аймақтың бас шаһарында қорғап, өңірге қыруар қаржы тартты. Бірақ көшегі аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында өріп-төстерінің мерейін асырып, өзінің бұл бағыттағы еңбегіне тоқталған жоқ. Бұл оның әдеті де, көшегі елді мекендер халқымен кездесуде де жол бойы атқарылған жұмыстарды саралап, «Қаланы алатын әскерлер, ал тойлайтын генералдар» деген Александр Суворовтың сөзі бар, сол сияқты мұның бәрі осындағы азаматтардың еңбегі, біз жай ғана жақсы атқа ие боламыз» деп халық берген жоғары бағаны өріп-төстерімен бөліскен. Арық сөйлеп, семіз шығатын Асқарбек Темірбекұлы бұл жолы да депутаттар

берген жоғары бағаға масайраған жоқ. Алғысын білдіріп, алдағы уақытта бұл жұмысына үлкен шабыт болатынын жекізді.

Кентте бүгінде 3 164 тұрғын үйдің 2434-і, 7 әлеуметтік, 89 кәсіпкерлік нысан көгілдір отынға қосылған. Ал осыған дейін Асқарбек Есжановтың Ақсудағы сапарында ауыл халқы «Кенттің іргесінде тұрып біз қашан көгілдір отын тұтынамыз?» деген. Енді ақсулықтар үшін ақжолтай хабар айтқалы отырмыз. Елді мекенді газдандыруға байланысты жоба қазіргі таңда қолдау тапқан. Яғни алдағы уақытта жарқын жобаның құрылысы басталады. Асқарбек Есжанов ауылдық елді мекендерге көгілдір отын жеткізу мұнымен шектелмейтінін айтады. Қазірдің өзінде М.Шәменов елді мекенін газдандыру үшін ЖСҚ әзірленіп, сараптамадан өткізілуде.

Биыл Таң ауылында дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Мырзабай ахун және Аламесек ауылдарында дәрігерлік амбулатория құрылысына облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Аудан әкімі кепер жылы қос елді мекендегі денсаулық нысандарының құрылысы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында жүргізілетінін айтады.

Қазан айында аталған жоба аясында жалпы құны 571,5 млн теңгені құрайтын 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебінің құрылысы аяқ-

талып, пайдалануға берілген. Ал 2023 жылы ауданда 3 млрд 694,1 млн теңгеге 13 жоба жүзеге асқалы тұр.

Биыл желтоқсан айына дейін аудан бюджетінің жалпы түсімдерінің жоспары 12 млрд 784 млн 795,6 мың теңге болса, меже 100,6 пайызға орындалған. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында да жемісті жобалар қолға алынған. Мәселен, биыл 10 айда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 3023-ті құраса, оның 94,1 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы қарашаға дейін 20 млрд 436 млн теңгенің өнеркәсіп өнімдерін өндірілген. Бұл көрсеткішті өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, 2,1 есеге артық орындалғанын аңғардық. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 8 млрд 489 млн теңгені құрайды.

Ауданда бөлшек сауда айналымының көлемі 10 айда 2 млрд 394,2 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 102,4 пайызға орындалған. Ал негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 10 айда 7 млрд 205 млн теңгеге жеткен. Жыл қорытындысымен 10 млрд 400 млн теңге инвестиция тарту жоспарлануда.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпін әрі қарай дамыту бағытында 428 жоба 2 млрд 775 млн теңгеге қаржыландырылған. Нәтижесінде ауданда 435 жаңа жұмыс орны ашылған. Қазіргі таңда 401,4 млн теңгенің 34 жобасы микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейлі банктардың қарауына ұсынылған. Мұнан бөлек жыл басынан бері ауданда 833 млн теңгенің 22 жобасы іске қосылып, 123 жаңа жұмыс орны ашылды.

2 →

## Аудан мақтаныштары құрмет төрінде

Сейсенбіде аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Үздік педагог – 2022» республикалық байқауының жеңімпазы, ұлағатты ұстаз, Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің мұғалімі Салтанат Қосжанова мен оқушылар арасында өткен республикалық «Ақберен» өнер байқауының жүлдегері, №122 орта мектептің 9 сынып оқушысы Шадыман Теміршеқызын қабылдап, құрмет көрсетті. Басқосуда аудан басшысы өңір мақтаныштарын салада жеткен жетістіктерімен құттықтап, ұлағатты ұстаздың бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудегі жұмысына, талантты оқушының талабына сәттілік тіледі.



– Салтанат Орынтайқызының жетістігі дер кезінде бағаланып, республикалық байқауда жеңімпаз атанды. Бұл байқауға еліміз бойынша 5 500-ден астам ұстаздың арасынан дара шығып, аймақ абыройын асқақтатты. Салада білікті педагогтардың арасынан жерлесіміздің биік туғырға көтерілгеніне біз қуаныштымыз. Сізге шығармашылық табыс тілейміз. Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болсын. Жеңісті жолыңыз өріп-төстеріңізге жұғысты болсын. Шадыман Теміршеқызының да республикалық өнер байқауында жеткен жеңісі үлкен жауапкершілік пен ізденістің арқасында келгенін біз жақсы білеміз. Бұл байқаудан үшінші орын алу да үлкен жетістік. Жалағаш топырағы қашанда жас таланттарға

артып отыр. Міне, Салтанат Қосжанова бұл баспалдақтың бәрінен сүрінбей өтіп, 5 500-ден астам ұстаздың арасынан дара шығып, аймақ абыройын асқақтатты. Салада білікті педагогтардың арасынан жерлесіміздің биік туғырға көтерілгеніне біз қуаныштымыз. Сізге шығармашылық табыс тілейміз. Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болсын. Жеңісті жолыңыз өріп-төстеріңізге жұғысты болсын.

Шадыман Теміршеқызының да республикалық өнер байқауында жеткен жеңісі үлкен жауапкершілік пен ізденістің арқасында келгенін біз жақсы білеміз. Бұл байқаудан үшінші орын алу да үлкен жетістік. Жалағаш топырағы қашанда жас таланттарға

көнде болмаған. Алдыңғы буынның ізін жалғап, осындай жетістікке жеткен Шадыман Теміршеқызын да жеңісімен құттықтаймын. Әлі алар асуыңыз алда. Ұстаздарыңыздың бағыт бағдарымен талай жарыста биіктен көрінетінін біз сенеміз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Жиында Асқарбек Есжанов ұлағатты ұстаз Салтанат Қосжанованы аудан әкімінің Құттықтауымен марапаттап, Тараз қаласындағы «Меркі» шипажайына жолдама табыс етті. Сондай-ақ республикалық «Ақберен» өнер байқауының жеңімпазы Шадыман Теміршеқызын да аудан әкімінің Құттықтау хатымен марапаттап, Алматы қаласындағы «Тау-Жанашар» лагеріне жолдама табыстады.

Келелі жиында дарынды оқушының ұстаздары мен жетекшілері де марапаттан құр қалмады. №122 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Шұғыла Серікбайқызы мен «Адырна» жас ақындар үйірмесінің жетекшісі Мамыр Байдәулетов аудан әкімінің алғысымен марапатталды.

Мұнан кейін аудандық мәслихат хатшысы Гүлзат Құрманбаева аудан мақтаныштарын жеткен жетістігімен құттықтаса, «Адырна» жас ақындар үйірмесінің жетекшісі Мамыр Байдәулетов көрсетілген құрметке алғыс білдіріп, аудан руханиятын көтеруге аянбай еңбек ететінін жеткізді.

Е.ӘНУАРҰЛЫ



# Жарқын жобалар жалғасын табады

Иә, аграрлық ауданның негізгі тіршілігі ауыл шаруашылығына тікелей тәуелді десек, артық болмайды. Жыл сайын жергілікті шаруашылықтар Жер-анадан ырызын айырып, мал басын асылдандырып және көбейтуде үлкен табасқа көнелуде. Биыл да сала еңбеккерлері нәтижелі еңбек етіп, қырманын астыққа, қорасын төрт түлікке толтырды.

Биыл ауданда 35 486,5 гектар алқапқа егіс орналастырылған. Оның ішінде Сырдың басты дақылы 18 501 гектарға сөбілген. Мұнан бөлек 720 га бидай, 73 га қант құмайы, 42 га арпа, 39 га соя, 520 га мақсары, 445 га сүрлемдік жүгері, 5 га сұлы, 2,5 га қант қызылшасы, 4903 га жаңа жоңышқа, 7186 га ескі жоңышқа, 646 га картоп, 1108 га көкөніс пен 1296 га бақша өнімдері егілген. Биыл аудандағы 194 шаруашылықтың 137-сі күріш егумен айналысқан.

Соңғы жылдары су тапшылығы шаруашылық төрағаларын қос бүйірден қысып тұр. Тіпті уақыт өткен сайын мәселе күрделеніп келеді. Бұрынғы шім-шіме болып тұратын «Шіркейлі» жоқ, Сағаның соңында тұрып, дарияға да дау айта алмаймыз. Десе де мәселенің алдын алу мақсатында күріш көлемін қысқартып, оның орнына суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беруді жергілікті шаруашылықтар қолға алып келеді. Мәселен, биылдың өзінде егілетін күріш көлемі былтырғыдан 1 299 гектарға қысқарған. Керісінше мал азықтық жоңышқа дақылына, жүгеріге, бидай мен арпаға басымдық берілген. Егінді ертараптандыру бағытында биыл алғаш рет 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы егіліпті.

Күзгі науқанда 18 501 га күріштің әр гектарынан 55,8 центнерден орташа өнім алынып, барлығы 1032356 центнер өнім қамбаға құйылған. Ал 732 гектар бидайдан 5 519 центнер, 73 гектар қант құмайынан 2 791 центнер, 520 гектар мақсарыдан 4 578 центнер, 445 гектар жүгеріден 62 478 центнер, 39 гектар соядан 663 центнер, 4 903 гектар жаңа жоңышқадан 58 346 центнер, 7 186 гектар ескі жоңышқадан 423 228 центнер, 648 гектар картоптан 75 103 центнер, 1111,3 гектар көкөністен 189 699 центнер, 1 324 гектар бақша дақылдарынан 277 304 центнер өнім алынды. Асқарбек Есжанов көлер жылы 37052 гектарға егіс орналастыру жоспарланғанын айтады. Оның ішінде 19 800 гектар алқапқа Сыр салысы себіледі екен.

Ауданда 38 206 ірі қара, 43 299 уақ



мал, 22 502 жылқы, 733 түйе, 10 611 құс өсірілуде. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, төрт түлік санында өсім бар. Биыл қараша айына дейін 3098,7 тонна ет, 9048,4 тонна сүт, 194,1 мың дана жұмыртқа өндірілген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ет өндірісі 100,8, сүт 101,3, жұмыртқа өндірісі 100,6 пайызға артық орындалған.

Ауданда 136 шаруашылық тікелей мал өсірумен айналысады. Оның ішінде “Сыбаға” бағдарламасымен 116 шаруашылық шаруасын ширатса, асыл тұқымды малдың үлес салмағы 2 пайызға жеткен. «Бақдаулет-57» ШҚ, «Адал» ЖК және «Боранбай» ШҚ асыл тұқымды қазақтың ақбас сиырын өсірумен, «Еркебұлан» ФҚ асыл тұқымды қалмақ сиырын өсірумен, «Бақдаулет-57», «Туған жер» ШҚ асыл тұқымды қой өсірумен айналысады. Ал «Адал» ЖК биыл Қарағанды облысы Шет ауданындағы «Жандос» ШҚ-дан 30 бас асыл тұқымды сүт бағытындағы «Симментал» сиырының қашарын сатып алды.

Биыл Аққұм ауылдық округіндегі «Бақдаулет-57» ШҚ сүт тауарлы фермасын ашу мақсатында 60 бас асыл тұқымды сиыр әкелуді жоспарлап отыр. Мұнан бөлек «АгроЛидер Таң» ЖШС жанынан мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехы жұмыс жасауда. Цехта тәулігіне 0,5 тонна ет өңделіп, 15 өнім түрі дайындалып, облыстағы сауда орындарына өткізіледі. Кәсіпорын 8 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Сессия отырысында Асқарбек Есжанов әлеуметтік сала бойынша атқарылған жұмыстарды да саралады. Ауданда халық саны 35 917-ні құраса, оның ішінде

экономикалық белсенді халық саны 14 947-ге жеткен, ал 14 192 адам жұмыспен қамтылған. Жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құраса, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,5 пайыз.

Биыл 2 420 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланса, желтоқсан айына дейін 1 982 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 724-і тұрақты, ал 1258-і маусымдық екен.

Желтоқсан айына дейін 3 463 адам халықты жұмыспен қамту орталығына хабарласса, оның 45,8 пайызы бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізілген. Ал жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты 300 адамға беру жоспарланып, меже 100 пайызға орындалған. Бүгінде 367,1 млн теңгенің 300 жобасы жұмыс жасап тұр.

Әлеуметтік жұмыс орындарына 35 адамды жолдау жоспарланған. Желтоқсан айына дейін 38 адам жолданып, жоспар 108,5 пайызға орындалған. Ал Жастар асыл тұқымды сүт бағытында қажет болса, биыл 201 жас жіберіліп, жоспар 102,5 пайызға орындалған.

Ауданда білім саласына көрсетілген қолдауды ұлағатты ұстаздар тиімді пайдаланып, өздеріне жауапкершілік жүгін еселеп келеді. Соңғы жылдары тоқтаусыз ілгерілеген саланың бірі де бірегейі білім саласы десек, артық болмас. Өңірде 37 мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс жасайды, онда 2 699 бала тәрбиеленуде. 31 балабақшаның 10-ы мемлекеттік, 21-і жекеменшік балабақша екен. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар 100 пайыз қамтылған, ал мектептегі білім сапасына көлсек, жалағаштық түлектер жыл сайын

ҰБТ-дан жоғары балл жинап, ЖОО-да мемлекеттік грантпен білім алуға қол жеткізуде. Өріне мұның артында ұлағатты ұстаздардың үлкен еңбегі, шәкірттердің үздіксіз ізденісі жатқанын жақсы білеміз.

Ауданда серпін алған тағы бір сала бар. Ол – спорт саласы. Бүгінгі таңда 14 мыңға жуық аудан тұрғыны бұқаралық спортты өзіне серік өткен. Бұл жалпы тұрғындардың 38 пайызын құрайды. Биыл 11 айда 87 спорттық іс-шара өткізіліп, 14 221 тұрғын қамтылған.

Жыл қорытындысымен жалағаштық спортшылар республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, ҚР чемпионаттарынан 13 алтын, 10 күміс, 8 қола медаль жеңіп алса, Әлем және Азия чемпионаттарынан 1 алтын, 3 күміс, 3 қола медальға қол жеткізді. Сонымен қатар 5 спортшы «Спорт шебері», 49 спортшы «Спорт шеберіне үміткер» нормативін орындаған.

2022 жылы «Алтын күз – 2022» облыстық XXXV ауыл спортшыларының спортакиадасында Жалағаш ауданы командалық есепте 3 орынды иеленсе, қарашаның 23-30 аралығында Астана қаласында өткен «Ауыл алаңынан – олимпиадатұғырына» атты республикалық жарысқа облыстан «Наркескен» спорт клубының спорт нұсқаушысы «Ең үздік спорт нұсқаушы» атанды.

Жалпы сессияда сараланған жұмыстар легі мұнымен шектелмейді. Жыл бойы атқарылған жұмыстарды жазып тауысу да қиынның қиыны. Себебі биыл ауданда айтарлықтай ауқымды жобалар жүзеге асты. Депутаттар да аудан басшысының жыл бойы атқарған жұмысына жоғары баға беріп, өңірді дамыту бағытындағы алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Мұнан кейін күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова баяндама жасады. 2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджетті кеңінен тарқатқан әлемдік басшысының ұсынысы да депутаттар тарапынан қарсылықсыз қолдау тапты.

Биылғы жылға өкпе жоқ, алдағы жылдан үміт көп. Аудан басшысының бастамасымен ауданда жұрмәулі мәселелердің шешіміне жұмыс жасалды. Алдағы жылы да жарқын жобалар жалғасты болсын.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



**Жалағашта білім саласымен қатар нәтижелі жұмыстарды көрсетіп келе жатқан сала – спорт саласы. Бұлай деуіміздің себебі де жоқ емес. Сала саңлақтары бірінен соң бірі дүбірлі додаларда топ жарып, ауданымыздың атын республикаға, тіпті халықаралық дәрежеде асқақтатып жүр. Кешегі әлем чемпионатында шашасына шаң жұқтырмай, өз салмақ дәрежесіндегі қарсыластарын қапы қалдырып, чемпион атанған жерлесіміз, жас спортшы Теміржан Русланның жеңісінің өзі жалағаштықтардың қуанышын еселеді.**

# Әлемді бағындырған Теміржан

«Баласы бәйгеге қосылса, үйде отырып тақымын қысатын» халықпыз ғой, спортшымыздың чемпионатта жеңіс тұғырын бағындыруын ел болып тілеген едік. Ата-анасының артқан үміті бір бөлек, ал бапкерінің еңбегі бір төбе еді. «Бапкердің бабы шәкіртінің бағы» деген бар, спортшының осы белесті бағындыруы әуелі Жаратқанның қалауы, онан кейін жаттықтырушысының еселі еңбегі екенін атап айтқан жөн. Тарқатып айтсақ, кешегі әлем чемпионаты қазақ күресінен 12-14 желтоқсан күні аралығында Астана қаласындағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында өткен болатын. Міне, осы шаршы әлем көз тіккен жарыста Теміржан Руслан 20 жасқа дейінгі жастар арасында 60 келі салмақта қарсыласын жығып, жеңіс тұғырына әуелгі болып шықты. Кіл мықтылар сараланып барып бақ сынайтын додада үздік атанған жерлесіміз ауданға қарасты Темірбек Жүргенов атындағы ауылдың тумасы. Бұл жеңісім менің емес, ортақ жеңіс деген спортшы мұндай нәтижеге жетудің оңай емес екенін айтады.

«Бұл қуаныш менің ғана емес бүкіл елдің қуанышы. Өріне жеңіс оңайлықпен келмеді. Оған тынымсыз жаттығу, ұзақ еңбек, тер төгу керек. Осы орайда жарысқа дайындаған жаттықтырушым Қызылорда қаласындағы қазақ күресінен жасөспірімдердің аға жаттықтырушысы Берік Қасымбековке, алғашқы жаттықтырушым Әнуар Тәжмахановқа алғысым шексіз. Күллі мені қолдаған жанашырларыма шын жүректен алғыс білдіремін. Жеңісті күндер көп болғай» дейді мақпалкөлдік чемпион Теміржан Руслан.

Жалынды жастың жеңісті сәтіне бәріміз қуандық. Расын айту керек, өзіміз бір биікті бағындырғандай сезімде болдық. Аудан мақтанышына айналған Теміржанды жуырда аудан әкімі де қабылдап, спорттағы өміріне сәттілік тіледі.

– Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Жалағаш ауданы да спорт саласында талай қыранды түлетіп, елдің байрағын желбірететін ерлерді шығаруда.

Ауданның ғана емес, облыс және республикамыздың мерейін әлемдік аренада асырдың. Еліміздің көк байрағын биікке көтеріп, табандылық пен жоғары спорттық шеберлік көрсетіп, елімізді халықаралық сайыста лайықты көрсете білгенің құтты болсын. Алдағы уақытта бұдан да биік шыңдарды бағындыруыңа тілектеспін. Ал біз спортшыларымыздың алаңсыз жаттығу жасауына бар мүмкіндікті жасаймыз, – деді аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы. Мұнан соң жас спортшыға және жаттықтырушысына әлі талай жеңісті күндердің көп болуына себепші боларына сенім білдіріп, Теміржан Русланға жүз мың теңгенің сертификатын табыстады.

Бұған дейін чемпионын ардақтап күтіп алған ауылдастары дүбірлеген той жасап, елін сүйген саңлақтың жеңісін сүйіншілеп, оған үлкен қошемет көрсетті. Ауылдағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы текті ұлға бір миллион теңге сыйақы берді. Ал елордада қазақ күресінен 60 келі салмақта боз кілемде тартысқа түсіп, әлем чемпионы атанған спортшының бұл алғашқы жеңісі емес. Теміржан Руслан 2002 жылғы 27 қарашада Т.Жүргенов ауылында өмірге келген. Ол «Жас барыс» республикалық турнирінің 3 дүркін, Қазақ күресінен ҚР чемпионатының 3 дүркін жеңімпазы. Белбеу күресінен ҚР чемпионатының 3 дүркін жүлдегері. Қазақ күресінен 60 келі салмақ дәрежесінде рейтингте 1-ші нөмірлі спортшы.

Айта кету керек, дүбірлі додаға әлемнің 40-қа жуық мемлекетінен 350-ге жуық спортшы қатысқан. Бабы да, бағы да қатар шапқан жігерлі кіл мықтының арасынан озық шықты. Көк байрағымызды биікке көтеріп, біздің мерейімізді асырды. Ал өзі туған ауылының жастары чемпионның құрметіне көкпар ұйымдастырып, ұлттық спорт турін тағы бір жаңғыртты.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

### Конференция

# Партия жұмысы сараланды

**Жұма күні «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының кезектен тыс XXXIV конференциясы өтті. Оған аудандық мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева, партия филиалының атқарушы хатшысы Қ.Мұстафаева, фракция мүшелдері мен партия белсенділері қатысты. Баянды бастамалар мен іргелі істердің ұйытқысы саналатын партия жұмысына ден қойылған конференцияның күн тәртібінде үш мәселе қаралды.**

Конференция отырысында алғашқы екі мәселе «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының 2022 жылдың 12 айында атқарған жұмыстары және алда тұрған міндеттері, Жалағаш аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының 2022 жылғы 12 айда атқарған жұмыстары және алда тұрған міндеттері туралы аудандық партия филиалының Атқарушы хатшысы Қаншағұл Шонмұрыңқызының хабарламасы тыңдалды. Халықаралық саяси жүйеде маңыз-міндетіне сәйкес партиялардың маңызды рөл атқаратынын тілге тиек еткен Қ.Мұстафаева тиісінше «AMANAT» партиясының жұмысы да күннен күнге дамып, қоғам тынысындағы күрмеуі қиын мәселелерге партияның араласуымен көптеген мәселелер оң шешімін тауып келе жатқанын жеткізді.

– Алдымен партия жанындағы қоғамдық кеңестердің жұмысына тоқталасам. «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалы жанындағы қоғамдық кеңестер осы уақытқа дейін 25 отырыс өткізіп, 41 мәселе қарап, атқарушы орган басшыларына 118 ұсыныс жолданды. Қазіргі таңда ұсыныстардың орындалу реттілігі партия филиалының әрдайым назарында екенін айтқым келеді. Жол картасы шеңберінде тиісті ұсыныстар беріліп, ол ұсыныстардың орындалуы 90 пайызды құраса, қалған 10 пайызы орындалу үстінде.

Партия мүшелерін қабылдау шеңберінде де жүйелі жұмыс бар. Қазіргі күні партия мүшесі – 3109. 2022 жылы партияға жаңадан 43 азаматты қабылдадық. Бүгінде аудандық партия филиалында 3109 партия мүшесінен тұратын 22 бастауыш партия ұйымы бар. Партия құрамында мүшелік жарналу есебінен бастауыш партия ұйымдарына әр ай сайын 20% қаражат қайтарылып, қаражат есебінен іс-шаралар, қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып келеді. Атап айтсақ, партияның «Баланы мектепке даярлайық» республикалық акциясы аясында тұрмыс жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан мектеп оқушыларына оқу құралдары, мектеп формасы табысталды. Сондай-ақ басқа да партиялық жобалар бойынша әртүрлі мерекелік, спорттық шаралар ұйымдастырылып өткізіліп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі

«Жаңа жағдайдағы Қазақстан іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ауыл өкімдерін тікелей сайлауды енгізу қажеттігі туралы айтқан болатын. Осы ретте де партия тарапынан 2022 жылы Жалағаш ауданы бойынша Жаңадария, Еңбек, Мақпалкөл, Жаңаталап, Шаменов, Ақсу ауылдық округтерімен Жалағаш кенті өкімдерінің тікелей сайлауы өткізілді. «AMANAT» партиясы Жаңадария, Еңбек, Мақпалкөл, Жаңаталап, М.Шаменов ауылдық округтерінен өз кандидаттарын ұсынып, сайлау нәтижелері бойынша 5 ауылдық округ бойынша партия атынан ұсынылған кандидаттар сайлаушылардың басым дауысына ие болып, округ өкімдері болып сайланды, – деген Қаншағұл Шонмұрыңқызы қоғамдық қабылдау бойынша бұған дейін 99 қоғамдық қабылдау өткізілгенін мәлімдеді. Атқарушы хатшының сөзінше, бұл қабылдаулар барысында 288 тұрғынның өтініші тіркеліп, 175 мәселе оң шешімін тапқан. Өріне бұл мәселелердің жолға қойылуында да партия филиалының қолпаңбасы барын айта кеткен жөн.

Конференцияда айтылғандай партиялық жобалар аясында да 80-нен аса іс-шара ұйымдастырылып, партия филиалы түрлі жобалар аясында баянды бастамаларды көтере білді. Мәселен, «Жастар Отанға», «Бақытты отбасы», «Ұлттық мұра» және «Халыққа көмек», «Кедегісіз келешек», «Ардагерлерді ардақтайық», «TazaLike», Мәдениет ауылында «Ұлттық мұра» жобасы аясында «Ауыл – тәрбие ордасы» тақырыбында «Балалар жылына» орай оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға атсалысты. Соңғы аталған жобаның маңыздылығын айта кеткен жөн, өйткені Мәдениет ауылында ұйымдастырылған бірқұндық шарға біз де қатысып, тіпті ұмыт бола бастаған қазақы салт-дәстүрлерді де насихатталғанын көзбен көрген едік. Балалар таң азынымен ауыл өміріне бойлап, барлық салт-дәстүрлердің тарихымен, қолданыстағы маңызымен танысқан еді. Партия филиалының осындай тағылымды шараларды ұйымдастырудағы белсенділігі мен бастамашыл ісін ерекше атап өтуге болады деп ойлаймыз. Баяндамада айтылған тағы бір мәселе қайырымдылық шаралары. Бұған дейін орын алған Қостанай облысындағы өрттен жапа шеккен тұрғындарға көмек ретінде облыстық мәслихат депутаты И.Шағыртаев 2 тонна ақ күріш, облыстық



мәслихат депутаты Ж.Үздембаев 300 мың теңге, партия филиалының барлық бастауыш партия ұйымдары мен мәслихат депутаттары, филиал қызметкерлері 1 тоннаға жуық халыққа аса қажетті төсек жабдықтары, санитарлық заттар, ұзақ уақытқа жарамды консервіленген және жартылай фабрикатталған азық-түліктерді Қостанайға жіберген Қашаннан «Көршің аш отырғанда тойып тамақ ішпе» дейтін халықтың ғой, республикамыздың қай өңірінде болсын көмекке мұқтаж қазақ ағайындарға қол созуымыз, тіпті еліміздің тағы бір дәлелі болар. Ал жоғарыда айтқанымыздай, осындай игі істер мен байыпты бастамаларды іске асыруда көшбасшы бола білетін партия филиалының билығы жылғы атқарған жарқын жұмыстары да көңіл көншітеді.

«Бүгінде Жалағаш аудандық маслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясында 9 депутат бар. Фракция мүшелерінің алдында тұрған маңызды зор міндеттің бірі – партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыруға атсалысу. Фракция құрамы жасақталған алғашқы күннен бастап сайлаушыларға берген уәдelerіміздің орындалу тетігі қарастырылған сайлауалды бағдарламаны іске асыру мәселесіне баса назар аударып келеді. Бүгінгі күні Жалағаш аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының 8 отырысы өткізіліп, күн тәртібіне 19 мәселе қаралып, 52 ұсыныс берілді. Аудан тұрғындарының әл-ауқатын жақсартудың өзекті мәселелері, экономиканың өсу қарқындарын жетілдіру, елді мекендер инфрақұрылымын әрі қарай дамыту мәселелері әрқашан депутаттық фракцияның басты назарында.

Жалағаш аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырыста ең алдымен сайлауалды уәдelerдің орындалуы бойынша ұсыныстар басты назарда болды. Берілген 52 ұсыныстың 5-еуі орындалу үстінде» дейді Қ.Мұстафаева.

Расымен, фракция жұмысының басым бағыты сайлауалды уәдelerдің орындалуы болса, халықпен тығыз байланыс жасау мақсатында да көшпелі

Н.АЛМАС



## ӘЛЕУМЕТ

Үстіміздегі жылы «Жалағаш жаршысы» газетінің шыға бастағанына 88 жыл болса, осы газетте үзбестен онтөрт жыл редактор болған Зордан Салықбаевтың атына жуыда Жалағаш кентінен көше аты берілді.

Осы сандарды зерделей отырып ой елегінен өткізіп, ой толғаныстарына ерік беретін болсақ, еңбегімен елге танылған, қатар жүріп қызмет атқарған азаматтардың бірсыпырасының бүгінде арамызда жоқтығы еске оралады. Олардың әрқайсысының қоғамдық өмірде қалдырған қолтаңбалары бар-ды. Солардың ішінде Зорданның орны ерекше еді. Өйткені ол ақын еді, жазушы еді, сазгер еді, үлкен жүректі нағыз азамат еді, оның халқына берері көп еді.

Оны өз сөзімен айтсақ: Бұл өмірге келгенім жоқ текке мен, Одан алар сыбағам бар елтеген. Алдымда әлі асулар бар елтеген, Оған берер борышым көп келтеген. Алдымда әлі асулар көп елтеген, Алдымда әлі биіктер бар жетпеген. Солай қарап жүрек тулап, бұлқынып, Қиындықтан бір сүрініп, бір тұрып, Жүріп келем тек ілгері ұмтылып, Қарсы алдымнан қарағандай күн күліп, Жайнап келем жазғы күндей құлпырып.

Өмір жолы қилы-қилы шатқалға, Әр шатқалдан өткен сайын шаттанам. Алдайдай тағы да алға аттанам, Осы жолда жолаушы бар әр түрлі!... Адалыңа жан сырымды ақтарам.

Алдымда биіктер бар жетпеген, Озбыр жанға мейірімсіз кектенем, Өмір-ұстаз, сабақ алам көптеген. Түған елге алып, зәулім сарайға, Бір кірпіш көп қалансам-ақ деп келем, Бұл өмірге келгенім жоқ текке мен. Иә, ол кезде біз көп едік және де бір-бірімізбен көрші едік. Әрқайсысымыз бір-бір биліктің тұтқасын ұстап жүрген кезіміз еді. Енді осы айтып отырған өңгіменің арқауын тарқатайыншы. Біздер деп отырғаным: Амангелді Құдайбергенов және Нәсірадин Байқуатов екеуі де аудандық Советі атқару комитеті председателінің орынбасарлары, үйлері де бір-бірімен жалғасып тұратын, сосын Зордан Салықбаев «Жаңадария» газетінің редакторы оның үйімен сол жағында Төлеш Есқазиев – аудандық партия комитетінің үлт және насихат бөлімінің меңгерушісі, оң жағымызда Төлеш Әлиев – аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, қарама-қарсы бетте Кеңесбай Сұлтанов – аудандық соттың төрағасы тұратын. Осы біз орналасқан шағын ауданда аудандық



партия комитетінің бірінші секретары Қонысбек Қазантаев, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Мақсұт Әбрізақов және аудандық партия комитетінің екінші секретары Сейілбек Шаухаманов тұратын-ды. Осындай құрамдағы көршілер, біздер кезінде бірімізбен біріміз табақтас болып қатыса да, сыйласа да білдік, қызметте де талап деңгейінен көріне білдік. Бірақ уақыт өз дегенін істейді екен, бірге қызметтес болумен бірге жүру мәңгілік емес екен. Бүгінде олардың көбісі арамызда жоқ. Солардың бірі – Зордан Салықбаев, мен онымен 1971 жылдан бастап қызметтес болғанмын. Ол кезде мен Арал аудандық партия комитетінде саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі қызметін атқаратынмын.

Бұл бірге қызметтес болуым менің Жалағаш аудандық партия комитетіне жұмысқа келуімен одан әрі жалғасты. Осы кезде, яғни 1974 жылы Зордан аудандық «Жаңадария» газетіне редактор болып жоғарылатылды. Бұл қызметке жоғарылауына сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сұлтан Шаханұлы Амановтың тікелей қолдауымен қолы жеткен бастапқыда ұсынып отырған кандидатыңыздың журналистік мамандығы жоқ деп көнбей қойған-ды. Бірақ бірінші хатшы өзінің ұсынған кандидатынан қайтпай табандылық көрсетті. Соның арқасында дегеніме жеткеніне өз басым куәгерім. Зордан бұл қызметте Сүлтекейінің сөнімін ақтады дегуе болады. Зордан өзінің журналистік қарымдылығын «Жаңадария» газетінде редактор болып істеп жүрген кезінде ерекше түрде таныта білді. Ол қоғамдық, әлеуметтік мәселелер төңірегінде көсемсөз үлгісінде көптеген мақалалар жазды. Сонымен қатар ол редакцияға мықты қолынан жазу келетін жас жігіттерді қызметке алып тәрбиеледі. Олардың қатарында Бейбітбек Бүркітбаев, Бексейіт Шайланов, Жұмабек Әбжанмол, Серік Бертаев сынды журналистер бар болатын.

## Көше аты – Зордан Салықбаев

«Жаңадария» газетінде 14 жыл редактор болып қызмет атқарған кезінде үлкенге іні, кішіге аға бола білген ол өзінің азаматтық бар болмыс-бітімімен, құдай жаратқан қарапайым мінез ерекшелігімен редакция ұжымында олардың көкейінде мәңгі ұялап қалған тұлға деуге болады. Ол жайлы осы ұжымда әлі кезге дейін жылы лебіздердің айтылуы соның дәлелі.

Ол тұмысынан талантты ақын еді. Өзімен ұзақ жыл қызметтес болған белгілі журналист Тұрсынбай Төшенов өзінің «Жалағаш жаршысы» атты кітабында «Зорданның журналистігінен гөрі ақындығы басым» еді дей келіп, 1978 жылдың ақпан айында екеуіміз терезе өйнегінен жапалақтап жауып тұрған қарды тамашалап тұрған едік, сол сәтте қолына қалам алды да:

Көгілдір көбелектен мүлде бөлек, Ұшып жүр ақ қанатты мың көбелек. Төменге топырлап көп қонып жатыр, Жер бетін сүттей аппақ күйге бөлеп. Жер беті ақ қанатты көбелек гүл, Аспаннан күміс ұнтақ себелеп тұр. Көркем сурет көрмесі табиғаттаң. Осындай сурет көрдім көрөмет бір, – деп поэзия тілімен жыр жолдарын өмірге әкелген еді, – деп жазды. Ол өзінің қамшының сабындай қысқа өмірінде бар күш-қуатын халқына жұмсаған ақын болды. Оның жырларының басты арқауы елді, туған жерді, Отанын құрметтеуге арнады. Оны: Өзінде жүрсем бір күнде қала тұрғызам, Өзінде жүрсем өзенді көрі бұрғызам. Өзінде жүрсем тесіңе алқа тағамын, Көшірп әкеп көктегі қалын жұлдыздан. Кең байтақ осынау Отаным менің отбасым, Айқара ашты ғылым-білілімнің қапқасын. Арнаймын бәрін туған жер, туған Отанға, Сақтаса тағдыр отансыздардан сақтасың, – деген өлең жолдарын көреміз.

Менің қолымда Зорданның «Армандап өткен ғұмыр» деген 2006 жылы өзі дүние салғаннан кейін жұбайы Дина Нұржанқызының жетекшілігімен шығарылған кітабы. «Армандап өткен ғұмыр» атты кітап жеті тараудан тұрады. Ондағы жазбалардың барлығы да тұла бойы тұнған сезіммен, орынды ойлардан парасатты пікірлерден тұратындығы ешкімді де бей-жай қалдыра алмайды.

Мәселен рет немірі он жетінші жазбасын оқып көрейік. «Осы күнде көп, ақын көп. Лақтырған таяқ ақынға тиеді. Бірақ, соның бәрі, сөздің шын мағынасындағы ақын ба? Міне, гөп осында. Әдетте біз ақын атанған әдебиеттегі стажына қарап бері салатын сияқтымыз.

Мәселенге осы тұрғыда көлгенде мен өзімнің кім екенімді әлі білмей жүрмін. Мен де талант барма өзі? Жоқ, әлде е дегенде ұша жөнеліп,

анау қырдан аспай-ақ алқынып қалатын көп аттың бірімін бе?

Қалай болғанда да барлығын уақыт көрсетеді. 23 мартта облыстық газетте «Өмір» атты өлеңім жарияланды.

Бұл осы газетте жарияланған сегізінші өлеңім, ойланып-ойланып, не де болса тәуекел деп қалған өмірімді творчествоға бағыттадым. Март 1966 жыл».

Мұны жазғанда Зордан жиырма екі жастағы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың филология факультетінің студенті болатын.

Мұндай өзіне де, өзеге де талап қоя және баға бере терең ой тастау жеңіл-желпі дүние емес.

Әдебиет табалдырығын өткен ғасырдың алпысыншы жылдары аттаған Зордан өзгелерге ұқсамайтын ақындық дарындылығымен ерте өсейген еді. Ол поэзияда жаңа бояулар, жаңа теңеулер табуды армандайтын, соның жолында көп ізденетін, көп оқытын, осы ізденістерінің барлығын қағазға түсіріп жүретін. Соның негізінде өмірге «Армандап өткен ғұмыр» атты кітаптың көлгелдігін көріп отырмыз. Оның «Жазылып қалған жан сырым» атты өлеңдер жинағы 1987 жылы «Шартарап» баспасынан басылып шықты. Осы жинақтағы:

Мен отырдым әл кетіп буынымнан, Сен биледің жел есіп бұрымыңнан. Көп табыла бермес-ау осындай сәт, Менің тұсау бойындай ғұмырымнан. Соңғы жолды тек қазақ ақыны ғана айтады, – деп жазған еді.

Сол кезде ақын Фафу Қайырбеков «Лениншіл жас» газетінде жазған «Жас ақындар дауысы» деген мақаласында. Олаз жазды, бірақ саз жазды. Ол өмірді сүйе де білді, оны жырлай да білді. Оның «Жиырмаасыншы ғасырдың перзентіміз» деген өлеңінде:

Жиырмаасыншы ғасырдың перзентімін Міндет – менің ертерек ер жетуім. Ата-баба жетпеген нысанаға, Тандандырмас ешкімді мен жетуім. Заманның ұлан-ғайыр ұлы істерін, Ұрпаққа жеткізсем деп күрестемін. Отыз, қырық, алпыс жас – аз ол үшін, Мен кезі жүз жасауға тиістімін, – деп жырға қосқан еді.

Ол проза саласында да өз қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Мәселен 1988 жылы «Жаңадария» баспасынан жарық көрген «Үміт толқыны» атты жас жазушылардың жинағына оның жеті өңгімесі енген еді. Ал 2009 жылы «Сырдария баспаханасы» атты сериямен шыққан кітаптар тізбесінде Зордан Салықбаевтың өлеңдері, өңгімелері, очерктері және ой орамдары жеке кітап болып басылып шықты. Тіл байлығы

## Қазақстан полициясына – 30 жыл

## Өткеннің өнегесі – бүгіннің байлығы

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тарихы еліміз кешегі тәуелсіздік алған уақыттан басталады десек те, бүгінгі полиция тарихында кеңестер дәуірінде «милиция» атауымен де өзіндік ізі бар құқық қорғау органы болғаны даусыз. Сол дәуірде милицияда қызмет етіп, өз ісіне, Отанына, халқына берген антына адал болған милиция қызметкерлері біздің жерлестеріміздің арасында да аз болмаған. Олардың бірі де, бірегейі – Жалағаш аудандық Ішкі істер бөлімінде қызмет еткен Әбсаттаров Әбсалам және Есенов Махаш ағаларымыз еді.

Әбсалам Әбсаттаров 1926 жылы Жалағаш кентінің аумағында өмірге келген. Әкесі ислам дінін берік ұстанған тақуа молда болыпты. Жеті жылдық мектепті бітірген Әбекең әдепкіде бастауыш мектепте мұғалім, Қызылорда облыстық филиармониясында өңші-домбырашы, аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы болып еңбек еткен. Осыдан кейін партия органдарының шақыруымен Жалағаш аудандық ішкі істер бөліміне қылмысты іздестіру инспекторы болып тағайындалған.

Аудандық Ішкі істер бөліміндегі қызметін милиция кіші лейтенанты шенімен бастаған Әбсалам Әбсаттаров өз ісінің нағыз маманы болғанын бүгінгі аға буын өкілдері жақсы біледі. Марқұм ағамыздың өзі: «Әдепкіде милициядағы қызметім менен бұрын бастағандар «осы мұғалім, комсомолда қызмет еткен ақ жағалы, ақсаусак милицияда не тындырып, көгертер дейсін деп сенімсіздік көрсетті» дейді екен. Алайда Әбсалам ағамыз өзін ісімен, қабілетімен дәлелдейді. Жаңа ортадағы қызметтестерінің сенімсіздігіне жауап ретінде міндетін жауапкершілікпен атқарған Әбекеңнің аудан халқының алдында беделі өсіп, бірнеше жылда мұндринге милиция капитанының пагонын тағып үлгерді. Сондай-ақ КСРО ІІМ-нің «Милиция үздігі» тес белгісімен де марапатталады. Әбсалам ағамыз алпысыншы-жетпісінші жылдары аудан орталығы мен елді мекендерде криминогендік ахуал өте күрделі болғанын айтатын. Иә, ондай жағдайдың шет жағасын өзіміз де көрдік. Ол кездерде Жалағаш кентінің оңтүстік бетіндегі «ПМК-14» деген «құмысшылар қалашығында» Одақтың ер түспірінен келген келісімкер көп еді және олар ер ұлттың өкілдері болса әрі көпшілігі бұрын сотты болған көңгі қылмыскерлер болатын. Оның үстіне мол табыс табу үшін маусымдық қылмыстарға Кавказдан және тағы басқа республикалардан келетіндер тағы бар. Із кесуші Әбсалам ағамыз сол уақыттары қылмыс жасаушылар саны күрт өсіп, қылмысты ашу үшін ел кезіп, апталап үйіне түнелей кететінін айтып отырушы еді.

Тәуліктік кезекшілікке кейде Әбсалам ағамен бірге түсемін. Тәжірибелі маманның ер сөзін қалт жібермей тыңдаймын. «Ішкі істер органдарының қызметкері өз қызмет саласына байланысты заңдармен бірге басбұзар қылмыскердің өзін сабасына түсіретін ұтырлы сөз сөйлеуді де білу керек» дейтін Әбекең. Бүгінде қандай да бір құқық бұзушының іс әрекетін эфирде түсіндіріп бере алмай, камера алдында сасқақтап, екі сөздің басын қоса алмай беті қызаратын полиция қызметкерлеріне де осындай қасиеттер керек-ау деген ой келеді.

Әбсалам ағамыз өте сауатты, рухани бай кісі еді. Ол алдына құқық бұзушы қандай бір ұлттың өкілі келсе де, сол ұлттың үлгі тұтар қайраткер адамдары жайлы айтып, оның жасаған теріс әрекеттерін көп қиындықсыз мойындататын-ды. Сонымен бірге өте ұлтжанды болатын. Ол жастарға әрдайым ұлттық құндылықтарды насихаттап отыратын. Қазақтың көмеңгер би-шешендерінің өңгімелерін айтып, танымал ақындардың өлеңдерін оқығанда тыңдаушылары тынып қалатын. Яғни ол кісі қызметінен бөлек, азамат

ретінде өзінің ісімен, сөзімен айналасына әсер ететін.

Әбсалам Әбсаттаров өзінің тікелей міндеті қылмыс ашу жолында қандай мақтаулы милиция қызметкері болса, бойындағы Алланың берген өнерімен де аудан, облыс жұртшылығына соншалықты белгілі өнер иесі болды. Сексенінші жылдардың басында Жалағаш, Шиелі аудандық ІІБ-нің көркемөнерпаздар ұжымы тұрақты өнер көрсетіп, бірнеше рет ІІО арасында республикалық байқаулардың жүлдесін иеленген кездері де болды. Бөлімнің осындай өнер ұжымы мерекелік шараларда аудандық Мәдениет үйінде өнер көрсеткенде милиция капитаны Әбсалам ағамыздың орындаған күйлеріне көрермендер ризалықпен қол соғып, оны сахнадан жібермей қоятын.

1978-1980 жылдары Жалағаш аудандық ІІБ-не КСРО ІІМ-нің жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарын бітірген жас лейтенанттар тобы келе бастады. Олар, Әбжаппаров Марат, Ержанов Базарбай, Алпысбаев Ғазымбек, Әлиев Зұлқарнай, Дүйсенбаев Төлеухан деген азаматтар еді. Сол кезеңдерде жасы егде тартқан қылмысты іздестіру жөніндегі аға инспектор, милиция капитаны Әбсалам Әбсаттаровты бөлім басшылығы профилактика жөніндегі аға инспектор лауазымына ауыстырады. «Бақсам, бақа екен» деп Әбекеңнің өзі айтқандай, бұл лауазым иесіне жүктелетін қызметтік міндеттер оңай емес еді. Айта кетуге тиіспіз, бүгінде осындай міндеттерді аудандық ПБ-де бірнеше офицерлер құрамы бар штаб бөлімшесі атқарады. Ал Әбекеңнің осындай жауапты да, күрделі саланы бір өзі бірнеше жыл үлгілі атқарғанына күз болды.

Аудан көлемінде ауыр қылмыстар орын алған кездері Әбекең жедел топ құрамына өзінің көңігі із кесушілік қызметіне арнайы бұйрықпен негізгі жұмысынан босатылып, қылмыс ашуға белсене араласатын. Егде тартқан жасына қарамай өте ширақ қимылдайтын. Дегенмен жылдар өз дегенін жасамай қоймайды ғой, әрбір ауыр қылмыстың ашылуы кешейілдеген кездері ол: «осы қылмысты ашып берсем, бір күнде тұрмаймын, зейнеткерлікке кетемін» дейтін. Бірақ тәжірибелі із кесуші ағамызды бөлім басшылығы әлі де біршама уақыт қызмет атқаруға көндіретін.

Әбекең марқұм ұтырлы сөзді әзілмен жеткізуге жақын адам еді. Ол сержанттық құрамға жаңа қосылған жас әріптестеріне астарлы әзілмен: «Ақыры иығыңа қасқырдың терісін жамылған екенсің (форма кидің дегені) бердей айбатты, айлапы болыңдар, иықтарыңа жамылған киімге кір келтірмеңдер, егер шибөрі сияқты азусыз, жігерсіз болсаңдар онда осы бастан көделі киімді бүлдірмей қайтадан өткізіп, басқа салаға барғандарың дұрыс. Ал қылмысты іздестіру қызметі тіптен бөлек, бұл жұмыста бірде ақылман қарияның мінезі керек болса, бірде басбұзар төнтектің де кейіпіне енуі керек. Осы жұмыста маған әуелі бастағы ертістік мамандығымның көп пайдасы тиді. Бірақ қандай жағдайда да халықты сыйлай білу керек. Адамды өсіретін де халық, өкшенді қисық басқаныңды да алдымен көретін осы халық. Бұл халық азды-көпті еркелігінсі де



көтереді, тек қана сол халыққа адал қызмет ету керек» деп отыратын. Артындағы жас буын әріптестеріне айтқан ақыл-кеңесі әрі қайрауы еді бұл Әбекеңнің бұл сөзі бертін келе өнегеге айналып кетті.

Бар болғаны жеті сыныптық білімімен ІІО-на көп еңбек сіңірген тәжірибелі қызметкер, мақтаулы милиция капитаны Әбсалам Әбсаттаров ағамызды бөлім бастығы, қайраткер полковник Айтбай Қазбеков бастаған жеке құрам мүшелері 1986 жылы 60 жасында халқымыздың жөн-жоралғысымен құрметті зейнет демалысына шығарып салды. Артында қызметтегі озық тәжірибесі мен өнегелі өсиет сөздері қалған милиция ардагері Әбсалам Әбсаттаров ағамыз 1995 жылы дүниеден озды.

\* \* \*

Есенов Махаш 1926 жылы Жалағаш кентінің аумағында шаруа отбасында өмірге келген. Бұл ағамыз да жеті жылдық мектепті бітіріп, интернет тәрбиешісі болып бірнеше жыл қызмет еткен. Кеңес Одағының әдепкі жылдарынан бастап, елуінші жылдардың соңына дейін мемлекеттік архив және АХАЖ (ЗАГС) мекемелерінің ІІМ-нің құрамында болғанын тарихтан білеміз. ІІО-ның ардагері марқұм Есенов Махаш ағамыз сол кездерде АХАЖ мекемесінде бірнеше жыл қызмет атқарған.

Мемлекеттік архив және АХАЖ мекемелері басқа ведомства құрамына ауыстырылған-да, өз міндетін жауапкершілікпен атқарып жүрген Махаштың аудандық ІІБ-нің басшылары кезекші бөліміне іс басқарушы өліп қызметке алып қалады. Көп кешікпей офицерлік лауазымға тағайындалған бұл ағамызға да милиция кіші лейтенанты арнаулы әскери шені берілген екен. Жалағаш аудандық ІІБ-де бірнеше офицерлік лауазымда абыройлы қызмет еткен ағамыздың соңғы қызметі жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекцияның инспекторы еді.

Бүгінгі аға буын ардагерлер жақсы біледі, тоқсаныншы жылдардың басына дейін аудандық ІІБ-нің жеке құрамында штат саны өте шектеулі болатын. Көңтішілік патруль, айдауыл қызметі (конвой), бөлім бойынша тәуліктік кезекшілік, шақыртулар мен тағы да басқа қосалқы жұмыстарды офицерлік және сержанттық құрамдағы милиция қызметкерлері кесте бойынша негізгі жұмысына қосып атқаратын.

Махаш ағамыз өте бойлыдан да аласа адам еді. Бірақ ол кісі түнгі шақыртуларға қаймықпай бір өзі бара беретін-ді. Осындайда



қызметтестері әзілдеп «Маха, төртіп бұзушы еңгезердей мас адам болса оны бөлімге қалай алып келесіз?» дегенде, ол да әзілдеп: «Менімен еріп жүретін жолбарысым бар ғой, бірақ ол төртіп бұзушыларға ғана көрінеді» деп рахататна күлетін-ді. Кім білген Махаш ағамыздың шыққан тегі табын руының теке аталығы атақты Бұқарбай батыр әулеті екенін ескерсек, ағамыздың «жолбарысы болса болар» деп иланып қалатынбыз.

Милиция ардагері Махаш Есенов қазақтың аңыз-әңсаналарын қаншалықты жетік білсе, әзіл өңгімелерге де соншалықты жетік еді. Ол Әсіресе, жас айырмашылықтарына қарамай аудандық ІІБ-нің аға мемлекеттік автономинспекторы марқұм Орынбаев Жақыпбек, аға уәсәкелік инспектор марқұм Әділов Амантай және бүгінде ортамызда жүрген ардагерлер аудандық ПБ ардагерлер ұйымының төрағасы, отставкадағы полиция подполковнигі Ержанов Базарбай мен отставкадағы милиция старшинасы Құтыбасов Мұхтар ағаларымызбен жөнімен жақсы әзілдесетін. Марқұм Орынбаев Жақыпбек «Махаш ағамыздың тұрқы қыршағдай шапшын болғанмен сөзде де, істе де ешкімге ессесін жібермейтін қыран бүркіт сияқты» дейді екен және ол тура теңеу еді.

Өз ортасына сыңарлы мінезімен, қызметінде үлгілі ісімен және ел жұртқа адалдығымен қадірлі болған милиция аға лейтенанты Есенов Махаш ағамыз да ІІО-ның қызметкерлеріне тиісті көптеген марапаттауларға ие болып, 1986 жылы 60 жасында құрметті демалысқа шықты. Әрине, қашанда ілі дестүрден жаңылыспайтын Жалағаш аудандық ІІБ-нің басшылығы мен жеке құрамы оны құрметпен зейнеткерлікке шығарып салды. Ардагер ағамыз 2005 жылы дүниеден өтті.

Өткеннің өнегесі – бүгіннің баға жетпес байлығы. Мен бүгін өзіммен бірнеше жыл қызметтес болған көнеңің көзіндегі болған екі ағамыз жайлы, олардың бойындағы жақсы қасиеттері мен ІІО-да адал атқарған қызметтері жайлы бүгінгі жас буын төртіп сасшылары мен болашақ өмірлерін полиция қызметіне арнамақшы жастарға үлгі болар деген оймен жазып отырмын. Бүгінде ортамызда жоқ сол ағаларымыздың жарқын бейнелері оларды білетіндердің жадында жаңғырып тұрады хақ.

Болатбек НҰРЖАНОВ,  
Ішкі істер органдарының ардагері,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі

## Ай өтіпті өзіңсіз



Зымырап жатқан уақыт деген осы. Асқар тау әкеміз, от-басымыздың тірегі, Дүйсембек Жаңашұлының ортамызда бізге бағдаршам болып жүргені кеше ғана сияқты. Сол аптал азаматтан айырылып қалғанымыздан бері де ай сырғыпты. Тағ-дырдың басқа сал-ған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде не амал бар дейсің?!

Бірақ бүтін бір отбасының тірегі һәм асқар тауы қахында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай соқпайды.

Ол қазіргі жас балалардай мектепті бітіріп, жоғары немесе арнаулы оқу орнына оқуға түскен жоқ. Мектепті үздік тамамдаған Дүйсембек Жаңашұлы еңбекке ерте араласады. Алғаш еңбек жолын 1967 жылы сол кездегі Жамбыл колхозында жылқышы болып бастайды. Тіпті сол жылы партия қатарына да қабылданады.

Мұнан кейін Дүйсембек Жаңашұлының ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек жолы жалғаса береді. 1977-1979 жылдары ферма меңгерушісі болды, 1979-1982 жылдары гидрохемик болып қажырлы еңбек етті.

Ол 1982 жылы Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, 1988 жылы «Инженер-механик» мамандығын алып шықты. Осы тұста мал шаруашылығы кешенінің меңгерушісі болды, сол жерде монша, демалыс орындарын салып, елдің алғысына бөленді. Ал 1987-1993 жылдары Мәдениет совхозының бас инженері, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

Оның осыған дейінгі еңбегі өленді. Олай болатын реті де. Еңгелі өмірімен кейінгі бұынға үлгі болатын аптал азаматтардың қашанда құрмет терінен табылғаны дұрыс. Кейін яғни 1998-2002 жылдары Дүйсембек Жаңашұлы «Мәдениет» ЖШС-ның директоры болды. Бұл жауапкершілігі мол қызметті де абыроймен атқарған арда азамат 2007 жылдан бастап №32 орта мектепте инженер-жабдықтаушы болып жұмыс жасады. Саналы ғұмырдың өңірдің өркендеуіне арнаған ол 2012 жылы 12 ақпанда зейнеткерлікке шығады. Отбасында ауялы жеруі Кулайша екеуі 2 ұл 2 қыз тәрбиелеп өсіріп, ұл-қыздарынан 12 немере сүйді. Асқар тау екеден тағылым алған ұл-қыздары бүгінде ЖОО-нын бітіріп, түрлі салада елдің ертеркіне қажырлы еңбек етуде. «Әке көрген оқ жонар» деген осы шығар, сіре.

«Орнында бар оңалар» дейді тағы да қазекен. Дүйсембек Жаңашұлы 2022 жылдың 19 қарашасында дүниеден өтті. Артындағы ұл-қыздарына қарап шүкір деп сабыр етеміз. Бірақ өмірінің соңында дейін бізге бағдаршам болған асқар тауымыз біздің жадымызда тақ уақыт сақтаплады. Жатқан жерін жайлы, топырағын торқа, иманың жолдас болсын, ардақты өке. Біз сізді сағыншымен еске алып, рухыңызға құран бағыштаймыз.

Тарихы терең тұңғышқ даярысың, Көпті көрген қазыналы қариясың. Ұл-қызыңды өзіңді тәрбиелеп, Әке едің, жарылқаған жанұясың. Амал не, кеттің ажал жетегіде, Уақыт сынап сырғиды, өтеді де, Рухыңмен ұрпағыңды желеп-жебеп, Жайлы жатып мәңгілік мекеніңде.



# Жылдың үздік оқырманы анықталды



**Оқырман тек кітап оқитын адам емес, оқырман – адами тұрғыдан топысқаң, санасы рухани кемелденген тұлға. Бұрын «жастар кітап оқымайды» деген сөз көп айтылатын және ол рас еді. Бірақ, соңғы уақытта қоғам әдебиетке бет бұра бастады. Оны әлеуметтік желіден байқап жүрміз. Қалам ұстаған жастардан бөлек, әдеби шығармаларды өзінше талдап, пікір білдіріп отыратын жас оқырамандарды көргенде қуанып қаламыз. Соңғы уақытта ауданымызда кітапханаға баратын халықтың да саны артып келеді. Көбі жастар, мектеп оқушылары. Өте ынталы. Бұны өрине, мемлекеттің руханиятқа, соның ішінде әдебиетке көңіл бөле бастағанымен байланыстыруға әбден болады.**

Иә, қазақ қаламгерлерінің шығармалары насихаттала бастады. Өсіресе, түрлі жанрда жазып жүрген жас ақын-жазушылардың кітаптары мемлекеттік тапсырыс негізінде түрлі сериялар бойынша жарық көрді және республиканың барлық кітапханаларына таратылып, оқырамның қолына тиіп жатыр. Айта кетейік, қазірде облыстық, аудандық, тіпті ауылдық кітапханалардың сөрелерінен іздеген кез-келген кітабыңызды табуға болады. Электронды нұсқалары да бар. Кітап қоры уақытында толықтырылып отыр. Кітапхана, автор және оқырман үшеуі өзара үйлесім тапқанда ғана қоғам рухани жаңғырады.

Аудандық кітапхананың кітап қорымен бірге жылдан-жылға оқырамдары да көбейіп келеді. Жаңа кітапты іздеп жүріп оқитын аға-інілеріміз мен әпке-қарындас-тарымызды көргенде іштей сүйсінесің. Тұрақты оқырамдардың жас айырмашылығы да әр келіп. Сексеннен асқан ағаларымыз бен төменгі сынып оқитын оқушыларға дейін оқу залында кітап прапактат отырады. Адамзат санасын смартфондар мен гаджеттер жаулап алған кезеңде кітапхана жүйесінің қайта жасатылып, ақыл-есімзді, адами болмысымызды сақтап қалуға қағаз кітаптардың көмекке келуі расында көңіл қуантады. Енді осы үрдісті үзін

алмауға тиіспіз.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2021 жыл – балалар әдебиетін насихаттау жылы болып жарияланды. Атаулы жылда балалар әдебиетіне қатысты біршама іс-шаралар, келелі кеңес, алқалы жиындар өтті. Сол басқосудардың нәтижесінде жаңа бағдарлы жұмыстардың бағыты нақтыланды, жаңа жобалар түзілді, балаларға арнап жазып жүрген көптеген авторлардың жекелеген және топтық жинақтары жарық көрді. Ал биыл яғни 2022 жыл – Балалар жылы болып белгіленді. Бұл жылы да балалар назардан тыс қалған жоқ. Соның ішінде балаларға мәдени-рухани қолдау көрсетілді. Әр өңірде ұйымдастырылған рухани шаралардың көбіне арнайы қатысып, балғындардың қуанышына куә болдық.

Апта басында аудандық кітапхана мен аудандық мәдениет және өнерді дамыту орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен жас оқырамдардың кітап оқу арқылы дүниетанымын кеңейту, сөздік қорың, тіл байлығын молайту, бойына отаншылдық сезім сіңіріп, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Үздік оқырман – 2022» атты рухани мән-маңызы зор шара өтті. Өзі оқыған кітаптарынан алған әсерлерін қысқаша жеткізу арқылы

қазақ қаламгерлерін және олардың танымал шығармаларын көпшілікке насихаттау мақсатында өткізілген бұл байқауға аудан мектептерінің 7-ші, 8-ші, 9-шы сынып оқушылары қатысып, бақ сынады. Шараны ашқан аудандық кітапхананың директоры Ұлмекен Меңдібаева байқаудың жас ұрпақтың болашағы, еліміздің келешегі үшін бөлері көп өкенін жеткізіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Үш кезеңнен тұратын байқаудың ержесі мен шарттары алдын ала бекітіліп, қатысушыларға жіберілген. Оқушылардың қатысуымен қойылған қысқаша сахналық көріністер мен олар дайындаған бейнеролик пен слайдтар арқылы көрермендер мен оқырамдар оқыған шығармаларының кейіпкерлерін басқа қырларынан көріп, олардың тұлғалық мінез-құлқытарын тереңірек тани түсті.

Байқауға №123, №201, №202, №246, №31, №118, №33, №34, №115 мектептің оқушылары қатысып, оқыған кітаптарын байқаудың үш кезеңінің ережесі бойынша насихаттап шықты. Бірінші кезеңде қатысушы өзін таныстырды және тәуелсіздік тақырыбына жазылған өз өлеңін оқыды. Екінші кезеңде өзінше бірнеше оқушының қатысуымен балалар әдебиетінің қысқаша үзінді сахналады. Ал «Менің сүйікті кітабым» деп аталатын үшінші кезеңде оқушылар үлкен экран арқылы өздері дайындап келген бейнеролик, слайдтары арқылы сүйікті авторларының өмір жолы мен шығармашылығын көпшілікке таныстырды және шығармалардан алған әсерлерімен бөлісті. Мақсат – кітапта ербіген оқиғаларды көркемдеп жеткізіп, оқырамды қызықтырып, кітап оқуға шақыру.

Атап айтсақ, бірінші кезеңде оқушылар өздерін өлеңмен де, көркем тілмен де жан-жақты таныстырып шықты. Бұл да қазіргі оқушылардың әдеби кітап оқитынын аңғартады. Одан соң осы кезеңнің шарты бойынша оқыған тәуелсіздікке арнау өлеңдері де қазылардың да, көпшіліктің де көңілінен шықты. Тәуелсіздіктің, азаттықтың құнын, қадір-қасиеті мен бейбіт өмірді кестелі сөзбен бедерлеп жырлаған жас оқырамдардың талабы сүйсінті.

Екінші кезеңде Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» әңгімесінең, Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінен, Мұхтар Шахановтың «Отырар ойраны» поэмасынан, Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесінең, Шыңғыс Айтматовтың «Найман Ана» әңгімесінен, Ыбырай Алтынсариннің «Асыл шөп» әңгімесінең, Ахмет Байтұрсынұлының «Елінің басы» мысал өлеңінен және «Екі дос» деп аталатын халық

ертегісінен үзінді қойды. Осы екінші кезеңде балалардың кітапты оқып қана қоймай, шығарма желісін жете түсініп, қабылдауы, ондағы кейіпкерлердің оқиға барысындағы жай-күйін сезінгені аңғарылды. Сонымен бірге сахнада оқушылардың актерлік қабілеті де сынга түсті. Үшінші кезеңде қатысушылар өздері әзірлеп әкелеген бейнероликтері мен слайдтарын көрсетіп, әдеби туындылардың авторларының есімдерін жаңғыртты және кітапты мазмұндап, талдап жеткізді.

Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей жеңіп алып, аталған білім ошағының 6-сынып оқушысы Назерке Алтынбайқызы (жетекшісі Сәуле Әбішова) «Жылдың ең үздік оқырманы» атанды. Ап I-орынды Эл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің 6-сынып оқушысы Қалдыбай Ғайникамал (жетекшісі Салтанат Серікбаева) иеленді. II орын Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің 7-сынып оқушысы Мырқы Жансая (жетекшісі Сәуле Әбішова) мен №33 орта мектептің 7-сынып оқушысы Байқожаева Дианаға (жетекшісі Ақтоты Құлбаева) бұйырды. Ал жүлделі III орынды №31 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушысы Алтынбеков Диас (жетекшісі Манат Әбішова) пен Шекер Ермағанбетова атындағы №246 мектеп-лицейдің 7-сынып оқушысы Қайнарбек Айсулу (жетекшісі Айнада Арықбаева) бөлісті. Жүлдегерлер арнайы Дипломмен және қаржылай сыйлықпен марапатталды. Басқа да қатысушыларға «Алғыс хаттар» мен сыйлықтар табысталды.

Рухани шараға жас ақын, жас кәсіпкер Мәлдір Райымқұлова қаржылай демеушілік жасады. Шара соңында ұстаз, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Жалағаш аудандық филиалының төрағасы Дина Мейірманова, аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Гүлсім Әлиасқарова және аудандық «Әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Роза Көшекбайқызы сөз алып, шараны ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

– Адамзат рухани тұрғыдан толыспай, қоғамда даму болмайды. Рухани құндылықтарымыздың ба-сында әдебиет тұр. Адам бойындағы адами мінез-құлықтардың қалыптасуы осы әдебиеттен бастау алады. Ендеше, біз жас ұрпаққа әдеби шығармаларды талмай насихаттауымыз керек. Өрине, бұл бағытта көптеген іс шаралар атқарылып жатыр. Нәтижесінде кітапханамыздың оқырманы артып келеді. Өсіресе, бүгінгі күні жастар, оқушылар кітапхананың тұрақты оқыраманына айналды. Бұл біз үшін қуаныш, біздің өңбегіміздің жемісі деп білемін. Бүгінгі өткізіліп отырған «Жылдың үздік оқырманы» байқауының басты мақсаты да – қоғамға қозғау салып, жастарды кітап оқуға шақыру және сол арқылы оларға рухани тұрғыда тәрбие беру. Бұл жылдың соңында өткізіп отырған шара болғанымен, алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарымыз жүйелі түрде жалғаса береді, – дейді байқауды ұйымдастырушы, аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы Гүлжанат Жақсылыққызы.

Қуат АХЕТОВ

# Өзгеден үйренетініміз де, жиренетініміз де көп

Пойыз заулап келеді. Іргесі сөгілсе жайыла түсіп, шет-шегі көрінбейтін ұлан-ғайыр дала. Дөңгелегіп қалып жатыр. Түркістаннан мінген қасымдағы сапарлас серігім – өзбек жігіті де терезеден кезін алмай көсілген жазиралы далаға қарап отыр. Жасы менімен шамалас болған соң: «Е-е, шіркін, қазақтар түгін тартсаң, майы шығатын мына құйкалы жердің бір пұшпағын берсе, өліме қазір алып көтер едім деп отырсың-ау, ә?», – деп әзіл тастадым. «О, жоға, өзімде де жер бар», – деп қысқа қайырды. Ары қарай әңгімесім сол жер төңірегінде, бағбандық жайында өрбіді. Бір жылдың жартысын Қазақстанда өткізетін болған соң қазақ тілін жақсы меңгеріп алған. Қоқанның тумасы екен. Жаз бойы ауласындағы бақшасын күтіп-баптайды екен де, қыс түссе Қазақстанға келіп, халыққа қызмет көрсетеді. Такси жүргізеді. Онда да тек Астана қаласында.

Еліндегі үйінің ауласы бар болғаны алты сотық екен. Бірақ, сол жерден өзіне қажетті жеміс-жидек пен бақша дақылдарының барлығын алып отырғанын айтады. Тыңдап отырсаң, жер баптауы ерекше. Сыырдың тезегін жапыраққа араластырып жылдаптып көмеді екен. Сосын бір жылдан соң ашып, шіріндісін қарықтарға аяқсумен жібереді екен. Нағыз тыңайтқыш сол дейді.

Пойыз Түлкібастан өткенде грек жаңғағын сатқан қыз-келішектер көбейді. Қазақтар жапа-тармағай алып жатыр. Сапарлас серігім жаңғақтың бір түйірін қолына алып айналдыра көрді де, дұрыс піспегенін айтты. Қызық көріп әрі ойда болсын деген ниетпен піспегенін қалай білуге болатынын сұрадым. «Қабығы жұқа және дәні ылғал» деді. Өзінің айтуынша, грек жаңғағын жинаудың да уақыты және сақтаудың кезеңдік реті бар екен. Өзі ауласындағы жаңғақтарын күздің ортасына таяу жинап, кептіріп, сұрыптап алыпты. Қыстың ортасында базарға шығарамын деп отыр.

Хош, сонымен отарбамыз заулап отырып Шу қаласынан Арқаға

бұрылды. Балқашқа жетер-жетпес жолдағы шағын бекеттерден ысталған балық көтерген саудагерлер көбейді. Жанымдағы серігім әрлі-берлі өтіп жатқан балықтардың бірін көрді. Шетін майыстырды, иіскеді. Оны да алмады. Балық сатқан келішек уақытын ұрлаған өзбек жігітіне көзін бір алартып, келесі вагонға өтті. «Балықты дұрыс ыстамаған, өте жұмсақ және жөнді тазаланбаған. Хош иісі жоқ. Мен өзім балықты да, малдың етін де ыстаймын. Ауламда арнайы кішкентай сарайым, құрал-жабдықтарым бар. Әлігінің көбі жыланбас балық. Ал ол балықтар ыстауға келмейді. Еті қалың әрі жұмсақ болады. Балыққа ағаштың шайыры көп сіңіп қалса, асқазаңға жара түседі», – деді алдындағы шейінан бір ұрттап қойып. Көк шей деп отырғаным жалбыз болып шықты. Оны да өзі ауласына егіп, жылдық ішетінін дайындап алады екен. Жалбыздың мен білмейтін біршама емдік қасиетін айтты.

Қарағандыдан асқан соң сапарласым екеуіміздің өңгіміміздің тақырыбы құрылыс саласына ойысты. Астана қаласын салғандардың



алғашқы легінде болған екен. «Ол қалада менің де қолтаңбам бар» деп жымиып қояды. Бұрын өзбек жігіттерінен құралған бригадасы болған екен. Жаңа астана бой көтеріп жатқанда қаланың көптеген құрылыстарының кірпішін қалап, шағырын жапқандарын айтады.

– Біздің елімізде құрылыста істейтін өзбек жігіттері көп. Өз елдерінде жұмыс жоқ па? – деймін мен.

– Неге олай дейсің? Құрылыстың көкесі біздің жақта, – дейді ол қызарақтап.

– Онда неге Қазақстанға сабылғанса, сол жақтан жұмыс істей

бермейсіңдер? Әлде ақысын аз төлейді ме? – деймін мен қазбалап.

– Жоға, біз жақта әркім өз үйін өзі салады. Мәселен, менің туған бауырым маған үйінің құрылысын сеніп тапсырмайды. Бала-шағасымен өздері салады. Ал сіздер бауырларыңыз емес, басқа мемлекеттен келген, мүлдем танымайтын адамдарға үйлеріңізді салғызасыздар, – дейді. Мен айтуға сөз таппай қалдым. Рас қой. Бірақ, ол қазақтың аңғалдығынан емес, аса сенгіштігінен. Сенімнің арғы жағында адалдық тұрады. Мен бұл сөздерді тек іштей ғана айттым. Бірақ, болса да қозғалысын тақырыпты көңейтім

келіп:

– Ал енді сендер қазақтардың сол сенімін ақтайсыңдар ма? – деп сұрадым.

– Осы сөзді көп естимін. Бірақ, өзгелерді білмеймін, мен құрылыста жүргенде бригадамдағы жігіттерге барынша адал істендер деп айтып отыратынымын. Өйткені, мен жиырма жылдан астам Қазақстанмен байланыс жасап келе жатырмын. Осы жердің нанын жеп, суын іштім. Мұсылманбыз, туысқан елміз. Ұят, иманды ұмытқанымыз жоқ. Шүкір, біз салған үйлерге қатысты қожайындары тарапынан ешқандай шағым айтылмады, – деді.

Өзбек жігітінің айтуынша, құрылыста жүргенде өздері тұрғызып жатқан ғимараттың үшінші қабатынан құлап, аяғын ауыр жарақаттап алыпты. Ота жасатқан. Дәрігерлер ауыр жұмысқа жарамасыз деген соң такси жүргізудісі болған.

– Шынығың айтшы, бұл жақта Өзбекстанның таксилерінен көп табасың ба? – деп сұрадым. Күлді. Үндемей біраз отырды. Менің жауап күтіп отырғанымды жүзімнен аңғарған соң:

– Өрине. Ақша таппасам көлмеймін ғой. Бұл жақта адамдар көп саудаласпайды, сұраған бағанды бере салады, – деді.

– Ол біздің жомарттығымыз ғой, – деймін мен де нұмыстанып.

– Ақшаның қадірін білу керек қой, – деп қысқа қайырды. Мен не айтқысы келгенін түсіндім де, одан әрі үндеген жоқпын.

Иә, өзбек халқы еңбекқор, ақша табуға епті. Бірақ, бұл қазақ жалқау деген сөз емес. Қазір қай жағынан болса да өз-ағамдарды он орап алатын нарыққа бейімделген қазекемдер бар. Өсіресе, сауданың айналасында. Әйтсе де, бізде әлі массалық сана бар екені де жасырын емес. Даңғойлық, мақтангерлік деген жаман едеттердан толықтай арылған жоқпыз. Өсіресе, дәл осы қоғамға қажеті жоқ мінез-құлқымыз әлі қалмай келе жатыр.

Айтпақшы, өлгі өзбек сапарласым Астанаға жақындағанда мың теңгеге бір ысталған балық алды. Дәл сол балықтың әрбір түйірін вагондағы өзіміздің қандастарымыз Балқаштың тұсында үш мың теңгеден алған...

Қуат АДИС

|                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Меншік иесі:</b></p> <p><b>СЫР МЕДИА</b></p> <p><b>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</b></p> | <p><b>Бас директор</b></p> <p><b>Аманжол ОҒАРБАЕВ</b></p> <p><b>Жалағаш аудандық</b></p> <p><b>“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы</b></p> <p><b>Бас редактор</b></p> <p><b>Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ</b></p> | <p><b>Телефондар:</b></p> <p><b>Бас директор - 8(7242) 70-00-36</b></p> <p><b>Бас редактор - 32-0-41</b></p> <p><b>Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75</b></p> | <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.</p> <p>“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.</p> <p><i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i></p> <p>Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.</p> <p>Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.</p> <p>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p> | <p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.</p> <p>Тел.: 8/7242/ 40-06-68.</p> <p>Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p> <p><b>Таралымы 3075 Тапсырыс № 2180</b></p> <p><b>Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ</b></p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|